«8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған ТӨЛЕНДІ ШОЛПАН ҚАНАТҚЫЗЫНЫҢ «Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

№ р/н	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқалары)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмысты ғылым ретінде дамытудың стратегиялық басым бағыттарына және Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғауға, зорлық-зомбылықтың алдын алуға, отбасылық қолдауды нығайтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларына толық сәйкес келеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық зорлық-зомбылықтың таралуы мен салдарын зерттеу, сондай-ақ жәбірленуші балаларға арналған әлеуметтік оңалту жүйесін дамыту – бүгінгі күннің өткір әлеуметтік проблемаларының бірі болып табылады. Зерттеу «Қазақстан – 2050» стратегиясында, ҚР Білім және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында және 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында көрсетілген басым мақсаттармен үйлеседі. Сонымен қатар, бұл тақырып балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған ЮНИСЕФ, ДДСҰ және БҰҰ секілді халықаралық ұйымдардың бастамаларына да үндес. 2024 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдар аясында балаларды кешенді қорғау тетіктерін жетілдіру міндеті қойылды — диссертация осы мақсаттарға тікелей жауап береді.

			Жұмыста ұсынылған авторлық оңалту моделі мен әдістемелік нұсқаулық жыныстық зорлық құрбаны болған балалармен кәсіби әлеуметтік жұмысты жетілдіруді көздейді. Бұл зерттеу қазіргі таңда Қазақстанда ғылыми негізделген, жүйелі оңалту бағдарламаларының жеткіліксіздігі мәселесін шешуге бағытталған және пәнаралық тәсілдерге сүйене отырып, әлеуметтік жұмысты ұлттық ғылым саласы ретінде дамытуға елеулі үлес қосады. Әлеуметтік жұмыс білім беру бағдарламасының пәнаралық сипатын ескерсек, мұндай зерттеулер балалардың психологиялық, медициналық, құқықтық және әлеуметтік қажеттіліктерін кешенді түрде қанағаттандыруға бағытталған. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық тақырыптың таңдалуы уақыт талабына сай, қоғамның нақты сұранысына жауап береді және еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымының даму бағыттарымен толық үйлеседі.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Автор Төленді Шолпан Қанатқызының диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) бекіткен «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар: халықтың әл-ауқаты, инклюзия және әлеуметтік әділеттілік» атты ғылымды дамытудың басым бағытына толық сәйкес келеді. Аталған бағыт аясында халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау, балалардың құқықтарын қорғау, зорлық-зомбылықтың алдын алу және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған зерттеулерге ерекше мән беріледі. Зерттеу жұмысы Қазақстан қоғамында өзекті әрі күрделі проблема – кәмелетке толмаған балаларға қатысты жыныстық зорлық-зомбылық мәселесін әлеуметтік-гуманитарлық ғылым тұрғысынан кешенді түрде қарастырады. Бұл тақырып отбасылық және әлеуметтік институттардың әлсіреуі, әлеуметтік қауіпсіздіктің төмендеуі, кәсіби мамандардың жетіспеушілігі,

			және құқықтық механизмдердің жеткіліксіздігі сияқты әлеуметтік қатерлермен тығыз байланысты. Диссертациялық жұмыста ғылыми-практикалық тұрғыдан интеграцияланған әлеуметтік оңалту моделі ұсынылып отыр. Ол балалардың жарақатына бағытталған тәсілдер, психоэмоционалдық қолдау және отбасымен жұмыс істеудің пәнаралық стратегияларын біріктіреді. Бұл тәсілдер ЖҒТК бекіткен бағыттағы – қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен әділеттілікті арттыруға бағытталған ғылыми зерттеулерге толық сәйкес келеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстандағы қолданыстағы әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін жақсарту, дағдарыстық орталықтардың жұмысын дамыту, балаларға көмек көрсету стандарттарын жетілдіру сияқты мемлекеттік деңгейдегі әлеуметтік саясаттың өзекті міндеттерін шешуге бағытталған. Осы арқылы диссертациялық жұмыс Қазақстанның әлеуметтік саласын ғылыми тұрғыда жаңғыртуға және ЖҒТК белгілеген стратегиялық мақсаттарға ғылыми негіз ұсынуға айтарлықтай үлес қосады.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымның дамуына елеулі үлес қосады және әлеуметтік жұмыстың Қазақстандағы ғылым мен тәжірибе саласы ретінде терең орнығуына бағытталған кешенді зерттеу болып табылады. Автор жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған кәмелетке толмаған балаларды әлеуметтік оңалтудың теориялық, әдістемелік және практикалық аспектілерін көпсалалы ғылыми тәсілмен зерттеу арқылы қазіргі заманғы әлеуметтік ғылымдар саласындағы маңызды ғылыми және әлеуметтік мәселені көтеріп отыр. Зерттеу жұмысы елімізде бұрын жүйелі түрде зерттелмеген балаларға қатысты сексуалдық зорлықтың әлеуметтік салдары мен оңалту тәжірибелерін алғаш рет кең ауқымда

			қарастыруымен ерекшеленеді. Оның нәтижелері балалардың психоәлеуметтік жағдайын жақсартуға, олардың отбасылық және қоғамдық ортаға қайта бейімделу жолдарын оңтайландыруға бағытталған. Бұл – әлеуметтік жұмыстың тек теориялық емес, сонымен қатар клиникалық, психологиялық, құқықтық және мәдени деңгейлерде интеграциялануына ықпал етеді. Зерттеу шеңберінде ұсынылған авторлық оңалту бағдарламасы мен баламен жұмыс істейтін мамандарға арналған әдістемелік нұсқаулық – ғылыми жаңалық қана емес, сонымен бірге тәжірибелік қолдануға дайын құрал ретінде де бағалануы тиіс. Бұл жұмыстың маңыздылығы Қазақстанда оңалту қызметтері саласындағы ғылыми және практикалық олқылықтардың орнын толтырумен, халықаралық үлгілердің бейімделу мүмкіндігін негіздеумен, және отандық контексте тиімді оңалту моделін ұсынумен дәлелденеді. Автордың ғылымға қосқан үлесі республикалық және халықаралық деңгейде ұсынылған ғылыми мақалалар мен баяндамалармен де расталады. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері 13 ғылыми жарияланымда, соның ішінде 1 мақала Scopus деректер базасында жарық көрген. Бұл диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмыстың ғылым ретінде дамуында және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған қолданбалы әлеуметтік саясаттың қалыптасуында маңызды ғылыми және қоғамдық рөл атқарады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Рецензиялауға ұсынылған диссертациялық жұмыстағы өзі жазу принципі жоғары. Зерттеу дербес түрде орындалған, ғылыми тіл мен логиканың жүйелі қолданылуы, дереккөздерге сілтемелердің сауатты берілуі, эмпирикалық материалдардың құрылымы мен өңдеу әдістері автордың жеке ғылыми ойлау қабілетін және зерттеу мәдениетін көрсетеді. Диссертация барысында автор теориялық талдаудан бастап, эмпирикалық зерттеу дизайнын құрастыруға, деректерді

			жинауға, сараптамалық сұхбаттар мен кейс-стадилерді өңдеуге дейінгі барлық кезеңдерді ғылыми талаптарға сәйкес өз бетімен орындаған. Автор ұсынған интеграциялық оңалту моделі мен әдістемелік құрал – тек компиляция емес, шынайы ғылыми ізденістің, өздік шығармашылық жұмыстың нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу барысында келтірілген тұжырымдар, қорытындылар мен ұсыныстар автордың аналитикалық ойлау деңгейін, ғылыми дербестігін және әлеуметтік жұмыстың ұлттық контекстіндегі күрделі мәселелеріне сын көзбен қарау қабілетін айқын көрсетеді. Жұмыстың құрылымында, ғылыми аппараты мен жаңашылдығында басқа авторлардың мәтіндерін көшіру белгілері байқалмайды, керісінше, автордың жеке қолтаңбасы айқын сезіледі.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігін негіздеу үшін халықаралық және отандық ғылыми әдебиеттерге терең теориялық талдау жасалды. Автор жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту мәселесінің ғылыми және қоғамдық өзектілігін жан-жақты дәйектей отырып, бұл тақырыптың Қазақстан жағдайында ғылыми тұрғыда жүйелі зерттелмегенін нақты негіздеген. Әдеби шолу барысында балаларға қатысты сексуалдық зорлықтың таралуы, оның салдары, виктимизация мен посттравматикалық бұзылыстар, сондай-ақ оңалту процесінің психоәлеуметтік және институционалдық қырлары заманауи көзқарастар тұрғысынан зерделенген. Автор зорлық көрген балаларды оңалтуда халықаралық оң тәжірибелерді салыстырмалы талдау арқылы олардың қазақстандық контексте бейімделу мүмкіндіктерін де қарастырған. Диссертацияда өзектілік тек статистикалық деректер мен құқықтық реформалар негізінде ғана емес, сонымен қатар ғылыми олқылықтарды анықтау арқылы дәлелденген. Зерттеу

			авторлық оңалту бағдарламасын жасап, оны нақты теориялық тұғырларға сүйене отырып негіздеу арқылы балаларды қорғау мен қолдаудың жаңа үлгілерін ұсыну деңгейіне көтерілген. Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы әлеуметтік жұмыс саласындағы көпқырлы және шешімін күткен мәселені қарастырады, оның ғылыми негіздемесі логикалық құрылыммен өрілген және ғылыми жаңалыққа негізделген. Осы тұрғыдан алғанда оның өзектілігі диссертацияда толығымен негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Ұсынылған диссертациялық зерттеудің мазмұны диссертацияның тақырыбын толық көлемде айқындайды және құрылымдық бөліктерінде мазмұн мен атаудың сәйкестігі сақталған. Бірінші тарауда жыныстық зорлық-зомбылық мәселесінің әлеуметтік-психологиялық және виктимологиялық теориялық дискурсы терең талданған. Жыныстық зорлық-зомбылықтың мәні, оның балаларға әсері, халықаралық ұйымдардың (БҰҰ, ЮНИСЕФ, ДДҰ) ұстанымдары ғылыми негізде сипатталған. Екінші тарауда – әлеуметтік оңалту әдістері мен стратегиялары нақты тәжірибелік мысалдар және халықаралық үлгілер арқылы талданып, авторлық интервенциялық модельмен жалғасады. Үшінші тарау – эмпирикалық зерттеулерге (эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, контент-талдау) негізделіп, қазақстандық жағдайдағы негізгі кедергілер мен қажеттіліктерді ғылыми дәлелмен ашады. Бұл – зерттеу мәселесін практикалық жағынан толықтай ашуға мүмкіндік берген. Төртінші тарауда автор ұсынған авторлық оңалту бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулық тақырыптың негізгі мазмұнын нақты көрсететін әрі пәнаралық тәсілдерге негізделген, қолданбалы маңызы жоғары шешімдерден тұрады. Диссертация тақырыбы – жыныстық зорлық құрбаны болған балаларды әлеуметтік оңалту – тек сипатталып қана қоймай, мазмұндық деңгейде терең әрі кешенді түрде қарастырылған. Зерттеудің барлық кезеңдері мен тарауларының тақырыппен тікелей

			байланысты және зерттеу мақсаты мен міндеттерімен логикалық түрде сабақтасып жатыр.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, нақты және қисынды түрде тұжырымдалған. Автордың алға қойған мақсаты – Қазақстанда жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалтудың тиімді тәжірибелерін зерттеу, олардың психоәлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған кешенді бағдарламаны әзірлеу – зерттеу барысында барлық бөлімдер арқылы дәйекті түрде іске асырылған. Диссертациялық міндеттер мәселенің теориялық негіздерін, жыныстық зорлықтың әлеуметтік және психологиялық салдарын, отбасылық және мәдени факторлардың ықпалын, оңалту процесінің кедергілерін, сондай-ақ халықаралық тәжірибені бейімдеу мүмкіндіктерін қарастырады. Бұл міндеттердің мазмұны зерттеу пәнімен және объектісімен өзара тығыз байланысты. Әсіресе, эмпирикалық бөлімде жүргізілген эксперттік сұхбаттар мен кейс-стади әдістері арқылы зерттеу міндеттері жүйелі түрде шешімін тапқан. Автор ұсынған оңалту моделі мен әдістемелік құралдар да бастапқыда қойылған мақсат пен міндеттерді нақты көрсетеді және ғылыми нәтижелердің қолданбалы мәнін арттырады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту процесін теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік деңгейде кешенді түрде қарастыратын жүйелі зерттеу болып табылады. Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында мазмұндық және логикалық тұтастық сақталған, олар өзара сабақтасып, ғылыми қисын аясында дамиды. Бірінші тарауда зерттеу мәселесінің әлеуметтік-психологиялық және виктимологиялық аспектілері теориялық тұрғыда негізделіп, жыныстық зорлықтың себептері мен салдары

			интердисциплинарлық көзқарас арқылы қарастырылған. Екінші тарау осы теориялық алғышарттарға сүйене отырып, шетелдік оңалту үлгілері мен әдістерін қазақстандық жағдайға бейімдеу мүмкіндігін талдайды. Үшінші тарауда жүргізілген эмпирикалық зерттеу нәтижелері – сараптамалық сұхбаттар, статистикалық талдау және кейс-стади әдісі – алдыңғы бөлімдермен органикалық байланыста дамиды. Бұл зерттеудің нақты әлеуметтік шынайылықпен және практикамен үйлесуін қамтамасыз етеді. Төртінші тарау – автор ұсынған оңалту бағдарламасы мен әдістемелік ұсыныстар арқылы зерттеу нәтижелерін қолданбалы форматта біріктіреді. Жұмыстың барлық бөлімдері зерттеу мақсатына бағытталған және өзара мазмұндық байланыста өрбиді. Бұл құрылым диссертацияның ішкі ғылыми бірлігі мен қисындылығын қамтамасыз етіп тұр.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыстың әрбір бөлімінде зерттеу нысанына қатысты сыни талдау жасалып, бұрыннан белгілі ғылыми тәсілдермен салыстыру арқылы автордың ұсынған жаңа шешімдері ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту мәселесінде халықаралық және отандық үлгілерді салыстыра отырып, олардың тиімді және шектеулі жақтарын нақты бағалаған. Зерттеу барысында әлеуметтік оңалтудың дәстүрлі формаларының кемшіліктері көрсетіліп, олардың орнына травмаға бағытталған, көпдеңгейлі, пәнаралық интеграцияланған авторлық оңалту моделі ұсынылған. Бұл модель қазіргі таңдағы әлеуметтік, психологиялық және құқықтық контекстерді ескере отырып, Қазақстан жағдайына бейімделген жаңа көзқарас болып табылады. Автор жүргізген эмпирикалық зерттеу нәтижелері (эксперттік сұхбаттар, кейс-стади, мазмұндық талдау) ұсынылған шешімдердің практикалық негіздемесін күшейтеді. Сонымен

			қатар, зерттеудегі теориялық пайымдар тек сілтемелерге сүйеніп қана қоймай, автордың жеке ғылыми ұстанымын, сараптамалық ойлау қабілетін және дәлелді тұжырымдарын көрсетеді. Әдеби дереккөздерге жасалған салыстырмалы шолу мен теориялық түсіндіру тәсілдері автор ұсынған жаңа әдістемелердің және оңалту қағидаттарының ғылыми жаңашылдығын дәлелдеуге қызмет еткен.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ұсынылған диссертациялық зерттеу өзінің ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді және Қазақстандағы әлеуметтік жұмыс саласындағы мамандармен, оның ішінде жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалармен тікелей жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлердің қызметін талдау тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде орындалған. Зерттеу барысында алынған нәтижелердің басым бөлігі (шамамен 75%-ы) отандық ғылыми кеңістікте бұрын-соңды жан-жақты зерттелмеген, сондықтан жартылай жаңа (2) ретінде бағаланады. Сонымен қатар, жұмыста келесідей жаңашыл ғылыми қағидалар мен нәтижелер анықталған: - Әлеуметтік жұмысты пәнаралық әдістер негізінде жүйелі құрылым ретінде қарастыру арқылы әлеуметтік оңалту қызметінің теориялық-концептуалдық негіздері кеңейтілген. Жыныстық зорлық құрбандарына көмектесу – тек психологиялық немесе құқықтық емес, кешенді әлеуметтік әрекет ретінде зерделенген. - Қазақстанда алғаш рет балаларға қарсы жыныстық зорлық-зомбылыққа жауап беретін әлеуметтік жүйелердің кемшіліктері мен ресурстық шектеулері көпдеңгейлі сараптамалық сұхбаттар, кейс-стади мен контент-талдау арқылы жүйелі түрде айқындалған. - Автор әлеуметтік оңалтудың тиімділігіне әсер ететін мәдени және гендерлік ерекшеліктерді де қарастырып, бұл факторларды ескеретін авторлық оңалту бағдарламасын ұсынған. Бұл – қазіргі әлеуметтік жұмысты локализациялау мен

			бейімдеудің ғылыми маңызын арттырады. - Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде Қазақстандағы әлеуметтік оңалту қызметінің тиімділігі мен апробациясын бағалау қажеттілігі жөнінде нақты ұсыныстар берілген. Жалпы, диссертацияда алынған нәтижелер авторге жыныстық зорлыққа ұшыраған балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізудің теориялық негіздерін, практикалық тәсілдерін және институционалдық шешімдерін біріктіре отырып, ғылыми тұжырым жасауға мүмкіндік берген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың диссертациялық жұмысының қорытындылары – зерттеудің барлық кезеңдерінде жинақталған эмпирикалық деректерге, сараптамалық сұхбаттар мен кейс-стадилердің нәтижелеріне, сондай-ақ теориялық тұжырымдарға негізделген. Бұл қорытындылар жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту саласында бұрын-соңды жүйелі зерттелмеген, жаңа мазмұндағы ғылыми нәтижелер болып табылады. Зерттеу қорытындылары келесі маңызды жаңалықтармен ерекшеленеді: - Қазақстанда алғаш рет балаларға қарсы жыныстық зорлық құрбандарымен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби қиындықтары, жүйелік кедергілері және ресурстық тапшылығы көпқырлы түрде сипатталған. - Автор ұсынған интеграциялық оңалту моделі – ғылыми негізделген, тәжірибеде сынақтан өткен, кәсіби бағдарланған жаңа авторлық шешім ретінде ұсынылған. - Әлеуметтік жұмыстың мәдени, гендерлік, контекстуалдық факторлармен байланысы алғаш рет тұтас концептуалдық-тәжірибелік жүйе ретінде қорытындыланған. - Зерттеу нәтижелері теориялық қорыту ғана емес, сонымен қатар практикалық ұсынымдармен қатарласа отырып, нақты қолдануға лайық жаңа білімдер жүйесін қалыптастырады. Осыған сүйене отырып, диссертациялық жұмыстың

			қорытындылары толығымен жаңа, ғылым мен тәжірибе үшін маңызды және әлеуметтік жұмыстың жыныстық зорлық құрбандарына бағытталған қазақстандық моделін әзірлеуге елеулі үлес қосады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Автордың диссертациялық жұмысында қабылданған техникалық, ұйымдастырушылық және басқарушылық шешімдер әлеуметтік жұмысты кәсіби қызмет ретінде кешенді қарастыруға бағытталған және толықтай жаңалық сипатында. Атап айтқанда: - Эмпирикалық деректерді жинау мен өңдеуде сапалы зерттеудің күрделі үлгілері: кейс-стади, тереңдетілген сараптамалық сұхбаттар, нарративті эсселер, контент-талдау секілді заманауи әдістер кәсіби сәйкестік пен әлеуметтік қызметкерлердің қоғамдық қабылдауын бағалауда алғаш рет қолданылды. - Автор әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейнесін қалыптастыруға әсер ететін стереотиптер мен стигмалар жүйесін айқындап, оларды жеңудің нақты басқару шешімдерін ұсынды. - Зерттеуде әлеуметтік жұмыстың оң имиджін қалыптастырудың стратегиялары, әлеуметтік қызметкерлердің әлеуетін арттыруға арналған ұсыныстар және қоғаммен жұмыс істеудің тиімді үлгілері ұсынылды. - Бұдан бөлек, ұсынылған авторлық оңалту моделі – әлеуметтік жұмыс жүйесін басқарудың интеграцияланған тәсілі ретінде тәжірибеге енгізуге болатын, құрылымдық деңгейде жаңа шешім. Бұл шешімдер Қазақстандағы жыныстық зорлық құрбаны болған балалармен жұмыс істеудің әлеуметтік қызмет үлгілерін жетілдіруге бағытталған. Осылайша, зерттеуде қабылданған барлық техникалық, әдістемелік және

			басқарушылық шешімдер теориялық және эмпирикалық негізде дәлелденген және толығымен жаңа болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitativeresearch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған барлық ғылыми ережелер, қорытындылар мен ұсынымдар нақты теориялық және эмпирикалық негіздемелерге сүйенеді. Автор мәселенің күрделілігін ескере отырып, сапалы зерттеудің барлық талаптарына сай әдістемелік құрылымды ұтымды ұйымдастырған. Қорытындылардың ғылыми тұрғыдан негізділігі: - жалпы ғылыми (жүйелі, құрылымдық, салыстырмалы талдау) және арнайы (интервью, кейс-стади, контент-талдау, нарративтер, триангуляция) әдістердің үйлесімді қолданылуымен; - зерттеудің ақпараттық базасының кеңдігімен және өкілеттілігімен – оның ішінде 10-нан аса кәсіби сарапшымен жүргізілген терең сұхбаттар, 7 нақты кейс, отандық және шетелдік ғылыми деректер қорын салыстыра талдаумен; - зерттеу барысында алынған эмпирикалық нәтижелердің мазмұнды интерпретациясымен және нақты ұсыныстармен тығыз байланыста болуымен расталады. Сонымен қатар, автордың ұсынымдары мен қорытындылары әлеуметтік жұмыс саласындағы реформаларды жетілдіруге, оңалту қызметтерінің сапасын арттыруға, жыныстық зорлық көрген балаларды қолдауға бағытталған нақты шешімдерді ұсына отырып, ғылыми негіздеуді ғана емес, практикалық маңыздылықты да дәлелдейді. Сонымен қатар, зерттеудің мазмұнын одан әрі байыту мақсатында, әлеуметтік оңалту бағдарламаларын іске асыру кезінде кездесетін негізгі кедергілерді (мамандардың жетіспеушілігі, жүйелі даярлықтың болмауы, нормативтік-құқықтық шектеулер, психологиялық тосқауылдар және т.б.) тереңірек талдап, оларды еңсерудің тиімді тетіктерін нақтылау

			зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығын арттыра түсер еді. Осы тұрғыда дағдарыстық интервенция, мультидисциплинарлық тәсілдер, мәдени бейімделген оңалту стратегиялары секілді ұсынылған шешімдердің тиімділігін нақты мысалдармен немесе салыстырмалы талдаулармен көрсету өзекті бағыт болар еді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	(1) Бірінші ереже – жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалтудың құрылымдық және институционалдық негіздерін қалыптастыруға бағытталған. Бұл қағидат дәлелденген, теориялық және әдіснамалық тұрғыдан күрделі, жаңа болып табылады, кең қолданысқа ие және мақалада расталған. (2) Екінші ереже – жәбірленуші балалармен алғашқы жұмыс кезеңінде дағдарыстық интервенцияны қолданудың тиімділігіне қатысты. Дағдарыс кезеңінде мультидисциплинарлық тәсілдің маңыздылығы жан-жақты дәлелденіп, жаңа, тривиалды емес, кең қолданылатын тәсіл ретінде мақалада расталған. (3) Үшінші ереже – балалармен жұмыс істейтін мамандардың кәсіби даярлығы мен дайындық деңгейі олардың оңалту нәтижесіне тікелей әсер ететіндігі туралы. Бұл қағидат негізделген, жаңа, маңызды және кең қолданысқа ие, мақалада дәлелденген. (4) Төртінші ереже – баланың психоэмоционалдық жағдайын қалпына келтіру үшін PTSD (ICD-11 F43.1) клиникалық диагностикасына негізделген әлеуметтік-психологиялық интервенцияның тиімділігі туралы. Бұл қағидат дәлелденген, жаңа, тривиалды емес, кең қолданылатын және мақалада негізделген. (5) Бесінші ереже – әлеуметтік оңалтудың әдістері мен стратегияларын таңдауда гендерлік, жас ерекшеліктер мен мәдени факторларды ескерудің қажеттілігі туралы. Бұл жаңа қағидат, кең қолданысқа ие, дәлелденген және мақалада көрсетілген.

			(6) Алтыншы ереже – балаларға арналған оңалту бағдарламаларында бала мен отбасының сенім шеңберін құру, қатысушы мамандардың өзара әрекетін ұйымдастыру (case management) қағидатына негізделген. Бұл қағидат тәжірибелік зерттеулерге негізделіп дәлелденген, жаңа, кеңінен қолданылатын және мақалада дәлелденген. (7) Жетінші ереже – Қазақстандағы балаларға арналған оңалту қызметтерінің нормативтік-құқықтық және инфрақұрылымдық шектеулерін жеңу жолдарын ғылыми негіздеу қағидаты. Бұл – жаңа, дәлелденген, тривиалды емес қағидат және кең қолданысқа ұсынылады, мақалада расталған. (8) Сегізінші ереже – жәбірленуші балаларға қатысты стигматизацияны төмендету үшін қоғаммен, мектеппен, ата-анамен және БАҚ-пен жүйелі жұмыс істеу қажеттігі туралы. Бұл қағидат этикалық және кәсіби стандарттарға негізделген, жаңа, кең қолданылатын және жарияланымдарда дәлелденген. (9) Тоғызыншы ереже – жыныстық зорлық көрген балалардың жағдайына бейімделген отандық оңалту үлгісін әзірлеудің қажеттігі және оның халықаралық тәжірибелермен салыстыра отырып апробациялау қажеттігі. Бұл қағидат дәлелденген, жаңа, кең қолдану мүмкіндігі бар және мақалаларда көрсетілген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың әдістемелік негізі ғылыми талаптарға толық сәйкес келеді. Автор тарапынан зерттеу мақсаты, міндеттері, ұғымдық аппараты мен қолданылған әдістер нақты және дәйекті сипатталған. Ұғымдарды операционализациялау ғылыми тұрғыдан қисынды жүргізілген, әдістерді таңдау әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік қызметкерлердің қоғамдық қабылдауын кешенді түрде зерттеуге бағытталған. Қолданылған әдістер – салыстырмалы талдау, триангуляция, эксперттік сұхбат, статистикалық-аймақтық талдау әдісі, ғылымиметрикалық талдау әдісі, терендетілген эксперттік сұхбат әдісі, контент анализ – жинақталған деректердің

			сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зерттеудің әрбір кезеңінде қолданылған теориялық-методологиялық тәсілдер мен олардың негіздемесі нақты көрсетілген. Диссертацияда берілген барлық мәліметтер, тұжырымдар мен қорытындылар дәйекті түрде әдеби көздермен, салыстырулармен және эмпирикалық дәлелдермен бекітілген. Бұл зерттеу әдіснамасының ғылыми негізділігін және сенімділігін дәлелдейді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық зерттеуде ғылыми дәлдік пен сенімділікке қол жеткізу үшін қазіргі заманғы ғылыми әдістер мен компьютерлік технологияларға негізделген кешенді зерттеу құралдары қолданылған. Атап айтқанда, статистикалық-аймақтық талдау әдісі аймақтық ерекшеліктерді салыстырып-саралауға мүмкіндік берсе, ғылымиметрикалық талдау арқылы әлеуметтік жұмыс саласындағы ғылыми жарияланымдардың мазмұны мен даму динамикасы жүйелі түрде зерттелген. Сонымен қатар, тереңдетілген эксперттік сұхбат әдісі мен терең эксперттік талдау әдісі сала мамандарынан сапалы, мазмұнды ақпарат алуға негіз болған. Контент-талдау арқылы нормативтік-құқықтық құжаттар, медиа материалдар мен ғылыми еңбектердегі дискурстар сарапталып, тұжырымдалған. Аталған барлық әдістер деректерді жүйелеу, өңдеу және интерпретациялау мақсатында компьютерлік технологиялармен ұштастырылып қолданылған. Бұл өз кезегінде алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын арттырып, зерттеудің дәлдігін қамтамасыз етті. Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеудің қазіргі талаптарына толық жауап береді.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша	Диссертациялық жұмыс әлеуметтік жұмыстың көпқырлы теориялық тұжырымдамаларына негізделе отырып, олардың өзара байланыстары мен заңдылықтарын ғылыми тұрғыда анықтап көрсетеді. Автор әлеуметтік жұмыстың институционалдық, кәсіби және қоғамдық аспектілерін жүйелі

		даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	түрде қарастырып, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби идентификациясы мен қоғамдық қабылдауы арасындағы өзара тәуелділікті дәйекті теориялық үлгімен сипаттаған. Теориялық тұжырымдар нақты эмпирикалық зерттеулермен – атап айтқанда, статистикалық-аймақтық талдау, терендетілген эксперттік сұхбаттар, ғылымиметрикалық талдау және контент-талдау әдістері арқылы – толық дәлелденіп, тәжірибелік тұрғыда негізделген. Бұл зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етіп, теория мен практиканың үйлесімді бірлігін көрсетеді. Әлеуметтік жұмыстың парадигмалық негіздері, кәсібилену үдерістері және қоғамдық қабылдауға әсер ететін факторлар арасындағы заңдылықтар диссертациялық еңбекте кеңінен қарастырылып, заманауи ғылыми талаптарға сай келетін нәтижелермен толықтырылып отыр.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Ұсынылған диссертациялық жұмыста автор тарапынан жасалған барлық негізгі ғылыми тұжырымдар мен концептуалдық мәлімдемелер өзекті, сенімді және беделді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған. Әдебиетке шолу бөлімі қазіргі заманғы шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге сүйене отырып жүргізілген, бұл зерттеу мәселесінің ғылыми дискурстағы орнын нақты айқындауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік жұмыстың теориялық аспектілері, кәсіби сәйкестік, қоғамдық қабылдау, стигматизация, имидждік саясат және әлеуметтік қызметтің институционалдық негіздері секілді мәселелер бойынша келтірілген мәлімдемелер белгілі ғылыми мектептердің, тұжырымдамалық бағыттардың және халықаралық тәжірибенің негізінде қалыптасқан. Автор бұл сілтемелерді орынды қолданып, зерттеу бағытының заманауи ғылыми контексін дұрыс көрсеткен.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі көлемі мен мазмұны жағынан зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және әдеби шолу үшін жеткілікті деп бағаланады. Автор отандық және шетелдік ғылыми дереккөздерді кеңінен қамтып,

			әлеуметтік жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін, кәсіби сәйкестік, қоғамдық қабылдау, имидждік факторлар, институционализация және стигматизация секілді өзекті мәселелерді жан-жақты талдаған. Пайдаланылған 190-нан астам ғылыми дереккөздердің қатарында Scopus және Web of Science базаларында индекстелетін халықаралық ғылыми жарияланымдар, заманауи зерттеулер, нормативтік-құқықтық құжаттар, сондай-ақ классикалық теориялық еңбектер бар. Бұл ғылыми дискурста тақырыптың орнын анықтауға, салыстырмалы талдау жүргізуге және зерттеу нәтижелерін ғылыми негіздеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, әдебиеттер тізімінің құрылымы жүйелі және сілтемелер нақты берілген. Бұл диссертациялық зерттеудің ғылыми дәйектілігі мен әдебиетпен жұмыс істеу дағдыларының жоғары деңгейін көрсетеді.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Автор ұсынған диссертациялық зерттеу айқын теориялық маңызға ие. Әлеуметтік жұмысты қоғамдық қабылдаудың пәнаралық контексінде қарастыру және әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейнесін қалыптастыруға әсер ететін факторларды жүйелі талдау арқылы жұмыста әлеуметтік жұмыстың парадигмалық және теориялық негіздерін кеңейтетін жаңа тәсілдер ұсынылған. Диссертацияда қалыптасқан тұжырымдамалық база мен әдіснамалық тәсілдер әлеуметтік жұмысты әлеуметтік институт ретінде зерттеуге мүмкіндік береді және Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік процестер мен мамандықтың эволюциясын теориялық тұрғыдан түсіндіруге жағдай жасайды. Бұл зерттеу әлеуметтік саясат, кәсіби білім беру және әлеуметтік жұмыстың институционализациясы саласындағы теориялық ізденістерге қосылған маңызды үлес ретінде қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар, диссертацияда тұжырымдалған теориялық ережелер мен пайымдаулар болашақ ғылыми зерттеулер үшін бағыт-бағдар беретін тұжырымдамалық және әдіснамалық негіз бола алады.

		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы айқын. Зерттеу нәтижелері әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби бейнесін, мәртебесін және қоғамдық қабылдануын жақсарту үшін нақты ұсынымдар жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Автордың жұмысы келесі қағидаларға сүйенеді: атаулылық (мақсатты топ – әлеуметтік қызметкерлер нақты белгіленген), қолданбалы сипат (нәтижелер нақты практикалық жағдайларда қолдануға жарамды) және эмпирикалық негіздеме (ұсыныстар тәжірибе жүзінде сыналған және бекітілген). Зерттеу барысында алынған нәтижелерді мемлекеттік әлеуметтік саясатты жетілдіруде, кәсіби кадрларды даярлау жүйесін оңтайландыруда, әлеуметтік жұмыс ұйымдарының қызметін бағалауда және өңірлік деңгейде әлеуметтік бағдарламаларды бейімдеуде кеңінен пайдалануға болады. Сонымен қатар, диссертацияда әзірленген ұсынымдар әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби идентификациясын қолдауға және олардың қызметін көпшілікке танымал етуге бағытталған шаралар кешенін құруда бағдар ретінде қызмет ете алады. Практикалық маңыздылықтың дәлелі ретінде, зерттеу барысында алынған тұжырымдар әлеуметтік саланың нақты институттарымен және өңірлік деңгейдегі мамандармен талқыланып, тәжірибеге енгізу мүмкіндігі қарастырылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылайжаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсыныстардың толығымен жаңа екені анық байқалады. Автор әлеуметтік жұмысты қоғамдық қабылдау мәселелерін кешенді зерттей отырып, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби рөлін күшейтуге және олардың имиджін жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстар жүйесін әзірлеген. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы әлеуметтік қызмет көрсету, денсаулық сақтау, білім беру, пенитенциарлық жүйе және жұмыспен қамту сияқты түрлі салаларда кәсіби тәжірибеде қолдануға бейімделген. - Ұсыныстар тек бұрыннан белгілі тұжырымдарды қайталамай, жаңа тәсілдер мен тәжірибелерге негізделген,

			олардың ішінде: - кәсіби өзіндік стигматизацияны еңсерудің әдістері; - әлеуметтік жұмыстың оң бейнесін қалыптастыруға арналған стратегиялық құралдар; - мультидисциплинарлық топтармен өзара әрекеттесу механизмдері; - қызметкерлердің кәсіби сәйкестігін арттыруға арналған оқыту және қолдау форматтары. Мұндай кешенді, құрылымдалған және қолданбалы шешімдер Қазақстанда әлеуметтік жұмысты институционализациялауға және оның қоғамдық мәртебесін арттыруға үлес қосады. Осыған орай, практикалық ұсыныстардың жаңалығы жоғары бағаланады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде деп бағаланады. Автор ғылыми стиль талаптарын толық сақтай отырып, мәтін мазмұнын жүйелі және дәлелді түрде баяндаған. Мәтінде қолданылған ғылыми терминология мен ұғымдық категориялар сауатты және орынды таңдалған, бұл зерттеудің тереңдігі мен кәсіби деңгейін айқындайды. Диссертацияда: - академиялық логика сақталған, бөлімдер арасында құрылымдық байланыс бар; - тұжырымдар мен дәлелдер нақты әрі дәйекті берілген; - ғылыми лексика қолданылып, нақтылау тілі жүйелі пайдаланылған; - дәлелдер қысқа әрі мазмұнды сипатталған; - жалпы мазмұн академиялық талаптарға сай құрылған. Мұның барлығы диссертанттың зерттеу тақырыбына терең бойлағанын, ғылыми жазу дағдысының жоғары екенін және жұмысын ресімдеу жағынан да академиялық стандарттарды ұстанғанын көрсетеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Әлеуметтік оңалту бағдарламаларын жүзеге асырудағы кедергілер мен оларды еңсеру жолдарына қатысты тереңірек

			талдау қажеттілігі: Автор диссертацияда зардап шеккен балаларды әлеуметтік оңалтуда туындайтын бірқатар институционалдық және практикалық кедергілерді (мамандардың жетіспеушілігі, дайындықтың жүйесіздігі, нормативтік және психологиялық тосқауылдар) атап өтеді. Дегенмен, бұл мәселені одан әрі тереңірек зерттеу, яғни жүйелі шолу жасау және оларды еңсерудің нақты, тиімді механизмдерін (дағдарыстық интервенция, мультидисциплинарлық тәсіл, мәдени бейімделген модельдер) талдау диссертациялық жұмыстың практикалық бағытын күшейтер еді. 2. Мәдени және гендерлік факторлардың әсерін сараптау: Зерттеу барысында әлеуметтік оңалту әдістері мен стратегияларын таңдауда мәдени және гендерлік ерекшеліктердің әсері ескерілмеген. Бұл аспект, әсіресе Қазақстан секілді көпэтносты және дәстүрлі қоғамда ерекше маңызға ие. Болашақ зерттеулерде түрлі этникалық топтар мен жыныстық ерекшеліктерге сәйкес оңалту тәсілдерінің тиімділігін салыстырмалы тұрғыда қарастыру ұсынылады. 3. Әлеуметтік оңалту бағдарламаларын апробациялау мен тиімділігін бағалау бойынша болашақ зерттеу ұсыныстары: Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар мен тәжірибелік ұсынымдар мазмұнды болғанымен, олардың нақты апробациядан өткендігі немесе тиімділігі туралы толық талдау берілмеген. Осыған байланысты, болашақ зерттеулерде ұсынылған модельдер мен бағдарламалардың қазақстандық контексте қаншалықты тиімді екендігін өлшеу, пилоттық тестілеу нәтижелерін салыстыру және бағалау қажет.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Докторанттың жарияланған ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбының өзегін құрайтын мәселелерге бағытталған және зерттеу міндеттерінің мазмұнын ашады. Әрбір мақалада әлеуметтік жұмыстың кәсібиленуі, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби сәйкестігі, қоғамдық

	(диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		қабылдау мәселелері, әлеуметтік саясат пен оңалту жүйесінің дамуындағы ғылыми және практикалық аспектілер қарастырылған. Мақалаларда қолданылған әдіснамалық тәсілдер – тереңдетілген эксперттік сұхбат, контент-талдау, аймақтық-статистикалық және наукометрикалық талдау – сапалық зерттеудің қазіргі талаптарына сәйкес келеді және дербес зерттеу жүргізілгенін дәлелдейді. Ғылыми материалдардың құрылымы, эмпирикалық базасы және ұсынылған тұжырымдар докторанттың зерттеу дағдылары мен аналитикалық қабілетін көрсетеді. Докторанттың жарияланымдары халықаралық және отандық ғылыми журналдарда (Web of Science/Scopus,ҚР БҒМ БҒССҚК, ҚР БҒМ тізбесі) жарық көрген және зерттеу нәтижелерінің ғылыми қауымдастық тарапынан мойындалғанын растайды. Әр мақалада зерттеудің жаңалығы, теориялық негіздемесі және тәжірибелік маңыздылығы нақты көрініс тапқан. Осыған орай, диссертация мазмұнын бейнелейтін ғылыми мақалалар сериясы зерттеу тақырыбына толығымен сәйкес келеді, ғылыми деңгейі жоғары және PhD дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келеді деп есептейміз.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Диссертациялық жұмыс мазмұны бойынша «Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» тақырыбының өзектілігін, теориялық және практикалық маңыздылығын толық ашқан. Зерттеу сапалы әдістемеге сүйеніп жүргізілген, алынған нәтижелер нақты, ғылыми тұрғыда негізделген және қолданбалы сипатқа ие. Ізденуші әлеуметтік жұмыстың өзекті мәселелерін терең талдаған, соның ішінде жыныстық зорлық көрген балаларға арналған әлеуметтік оңалту жүйесін дамыту, тиімді тәсілдер мен модельдерді бейімдеу бойынша ғылыми түрде негізделген ұсыныстар берген. Автор ұсынған қағидалар мен тұжырымдар ғылыми жаңалыққа ие және тәжірибеде қолдануға лайық. Ізденушінің жариялаған ғылыми мақалалары диссертациялық

			зерттеу тақырыбымен тікелей байланысты, жоғары ғылыми деңгейде жазылған және сараптамалық басылымдарда жарық көрген. Осыған байланысты, диссертациялық жұмыс мазмұны мен рәсімделуі жағынан «8D11401 – Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді деп есептеймін.

Шешімі: Төленді Шолпан Қанатқызының «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған балаларды әлеуметтік оңалту практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді, ғылыми жаңалығы бар, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы логикалық тұтастықпен және ішкі бірлікпен сипатталады. Зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігі, оның әлеуметтік маңыздылығы және мультидисциплинарлық тәсілдердің қолданылуы диссертациялық жұмысты тәжірибеде кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Балаларға қарсы сексуалдық зорлық-зомбылыққа байланысты әлеуметтік оңалту саласын зерттеу – Қазақстанда алғашқылардың бірі ретінде қарастырылып отырған тың бағыт. Бұл тақырыптың көпөлшемділігі оны одан әрі апробациялауды және әлеуметтік саясат жүйесінде кеңінен енгізуді қажет етеді. Зерттеудің нәтижелерін Қазақстан өңірлерінде бейімдеп қолдану әлеуеті жоғары, ал автор ұсынған оңалту бағдарламасы мен практикалық ұсынымдары отандық әлеуметтік жұмыстың сапасын арттыруға бағытталған. Диссертациялық жұмыста барлық нәтижелер қазіргі заманғы сапалық зерттеу әдістерін – эксперттік сұхбат, контент-талдау, ғылымиметрикалық және аймақтық-статистикалық талдау – қолдана отырып алынған, бұл ғылыми тұжырымдардың дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Жалпы, диссертациялық жұмыс ғылымды зерттеудің толықтығы мен тәуелсіздігін, оның жоғары академиялық жазылуын және жүйелі құрылымын айқын көрсетеді. Жұмыс «Дәрежелер беру қағидалары» талаптарына толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты, ізденушіге 8D11401 – «Әлеуметтік жұмыс» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Ресми рецензент:

Мухамбетова Куралай Арапбаевна –
Әлеуметтану кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы,
әлеуметтану ғылымдарының кандидаты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР[illegible]ЕТІ
«2» 6 2025 г.